

Алматы қаласында "Ұлы жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қыркүйек N 1460

Халықаралық байланыстарды дамытуды ынталандыру және Қазақстанның кітап рыногын таныстыру жөніндегі жұмыстарды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстанның баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің 2001 жылғы 24-26 сәуірде Алматы қаласында "Ұлы жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін, оны ЮНЕСКО жариялаған 23 сәуір - Халықаралық Кітап күніне орайластырып өткізу туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қосымшаға сәйкес "Ұлы жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) бекітілсін.

3. Ұйымдастыру комитеті бір ай мерзімде "Ұлы жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ә з і р л е с і н және б е к і т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жәрмеңкенің мәдени бағдарламасын қамтамасыз етсін, қазақстандық кітап шығару ісін насихаттау мақсатында осы іс-шараны бұқаралық ақпарат құралдарында к е ң і н е н ж а р и я е т с і н .

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) жәрмеңке туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының шетелдердегі

өкілдіктері мен халықаралық ұйымдар арқылы таратылуын;

2) шетелдік жәрмеңкеге қатысушылардың келу және кету құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жәрмеңке өткізілетін және қатысушылардың тұратын жерлерінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі жәрмеңке ұйымдастырушыларға оны дайындауға және өткізуге жан-жақты қолдау мен көмек көрсетсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 27 қыркүйектегі
N 1460 қаулысына
қосымша

"Ұлы жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия
жәрмеңкесін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ

Храпунов Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі, төраға

Абдуллаева Жанна Қалыққызы - "Атакентэкспо" халықаралық көрме
компаниясының директоры
(келісім бойынша)

Әлібаев Ермек Ниязалыұлы - Алматы қаласы Ішкі істер басқармасы
бастығының орынбасары

Антоненко Андрей Иванович - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің Консулдық
департаментінің директорының
орынбасары

Асқаров Әлібек Асылбайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі Мемлекеттік баспа
бағдарламаларын қалыптастыру
департаментінің директоры

Балиев Мұхтар Абзалұлы - Алматы қаласы Бас кеден басқармасы
бастығының орынбасары

Батталова Элеонора Нигметқызы - Қазақстан баспагерлері мен кітап
таратушылары ассоциациясының
президенті (келісім бойынша)

Люц Евгений Арвидович - Қазақстан полиграфистері
ассоциациясының президенті
(келісім бойынша)

Шаймарданов Марат Әнуарұлы - "Қазэкспосервис" президенті
(келісім бойынша)

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК